SARQAN

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады ● *www.sarkan-gazeta.kz* ● e-mail: *Igiman01@mail.ru* ● *№2 (9556) 12 қаңтар 2024 ж.*

●*Жағымды жаңалық*

Денсаулық сақтау саласы – еліміздегі ең маңызды сала. Соңғы жылдары Сарқан ауданының денсаулық сақтау саласына ауыз толтырып айтарлықтай көңіл бөлініп келеді. Облыс қазынасынан медициналық құрал-жабдықтарға қомақты қаражат бөлініп, дәрігерлер құрамы да сан түрлі мамандармен толығуда.

3 жедел жәрдем көлігі берілді

Жуырда ауданымызға елімізде құрастырылып, арнайы құрал-жабдық орнатылған 3 жаңа «JAC» маркалы жедел-жәрдем көліктері табысталды.

– Оның біреуі ауыр науқастар орналастырылған реанимацияға, екіншісі 1 жасқа дейінгі балалар жататын перзентханаға берілсе, ал үшіншісі Қойлық ауылына табысталды. Ал осының алдындағы науқастар тасуға арналған көліктер күрделі жөндеуден өтіп, шалғайда орналасқан Мұқан Төлебаев пен Черкасск ауылына жіберілді,-дейді аудандық орталық ауруханаңың директоры Алтай Шұлғаубаев.

Оттегі баллондарымен, қолды дезинфекциялауға арналған диспенсерлермен және тағы басқа қажетті арнайы заттармен жабдықталған жаңа санитарлы автокөліктер ел игілігіне қызмет ететін болады.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.

Бүгінгі нөмірде:

►*Новая наклейка на авто стала обязательной*

2

►*Қазынашылықтың отыз белесі* 5

►*Ұлттық қордағы қаржыны кімдер ала алады?*

8

Сарқан ауданы әкімінің 2018 жылғы «5» желтоқсандағы «Сарқан ауданы бойынша дауыс беруді өткізу және дауыс санау үшін сайлау учаскелерін құру туралы» № 12-4 шешіміне қосымша

Сарқан ауданының Қарабөгет ауылдық округінің аумағындағы сайлау учаскесі

№ 369 сайлау учаскесі

Орталығы: Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Қарабөгет ауылы, Ә. Абайділданов көшесі № 26, «Қарабөгет ауылдық мәдениет үйі» «Сарқан ауданы әкімінің аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының № 10 филиалы.

Шекарасы: Қарабөгет, Еркін ауылдарының аумағы.

Приложение к решению акима Сарканского района от «5» декабря 2018 года № 12-4 «Об образовании избирательных участков для проведения голосования и подсчета голосов по Сарканскому району»

Избирательный участок на территории Карабогетского сельского округа Сарканского района

Избирательный участок № 369

Центр: область Жетісу, Сарканский район, село Карабогет, улица А. Абайдильданова № 26, филиал № 10 в селе Карабогет государственного коммунального казенного предприятия «Районный дом культуры акима Сарканского района».

Граница: территории сел Карабогет, Еркин.

●*Үнқосу*

Аналар қауымының алғысы шексіз

«Егемен Қазақстан» газетіндегі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың кең көлемді сұхбаты көптің көкейінде жүрген өзекті сауалдарға жан-жақты жауап қайтарды.

Расында да өткен жыл саяси реформалардың жүйелі жүзеге асуымен есімізде қалды. Демократиялық жаңғырудың басты кепіліне айналған ауыл, аудан әкімдерін сайлауға жұртшылық болып жұмыла қатысып, белсенділік танытқанымыз елге жаңа леп әкелген өзгерістерге үлес қосқанымыз болып табылады. Бұл сұхбатта Президенттің дүниетанымызға жат мәдениеттерге көзсіз еліктеу мен жалған патриотизмнен, дарақылықтан сақтануымыз керек деген пікірі көзі қарақты жандарға ой салғаны айқын. Біз озық ойлы ұлт ретінде халқымызды ыдырататын емес, береке-бірлікке шақыратын жолды таңдап, тек алға қарауымыз керек. Бұл ой ел амандығын, ынтымағын тілейтін аналар қауымын қатты қуантты. Қоғамда еңбекқорлық пен жасампаздық жоғары бағаланып, білім мен жаңашылдықтың салтанат құруына тиіс екендігіне баса назар аударылуда.

Көпшіліктің өкілі ретінде қасіретті қаңтар оқиғасына салиқалы түрде баға берілуі өте орынды деп санаймын. Әлі күнге дейін сол қантөгістің себепсалдарын біле тұрса да қасақана билікті кінәлайтындар осы сұхбаттан тағылым алуы тиіс.

Сұхбатта ұлттық мүдде басты орынға шыққан, сындарлы әрі салиқалы сыртқы саясатымыз айқын көрініс тапқан. Биылғы жылы еліміздің бірнеше беделді халықаралық ұйымға төрағалық етуі Мемлекет басшысының беделі, еліміздің мерейі. Сондықтан табалдырық аттаған жыл елімізге береке, ынтымақ, толағай табыс әкелеріне нық сенімдіміз. Сұхбатта көтерілген мәселелер нақты шешімін тауып, еліміз тұрақты дамып, ұрпағымыз аман болуына шынайы пейілмен тілектеспіз.

Күлшарбан ҚАЛИЕВА,
Сарқан аудандық аналар кеңесінің төрайымы.

Ерте қамданғанның есебі түгел

Дала төсінде төрт түлік малын өргізген шаруалар қауымы үшін маңызды науқанның бірі – мал қыстату болып табылады. Өз алдына қиындығы мен қызығы жетіп артылатын, машақаты мол тірлікті жер жайын біліп, мал танып өскен шаруа сүйремесе, қолдағы барды қырып алу оңай.

«Қой қоздап, қорада шу» болатын шаққа әлі ертелеу. Дей тұрғанымен мал қыстату науқанының қазір қызған шағы. «Кәрі құда қыс келіп» өз күшіне мінген уақыт. Қаһарына мінип борандатпаса да желтоқсан айында аязы мен ақ қарын аяған жоқ. Осы орайда мал қыстатып жатқан шаруалар жайы қалай? Соны білмек ниетте аудан әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөліміне хабарласқан едік. Жаздай жиналған қор, биылғы қыстан қысылмай шығуға жетеді, деген сенімде мамандар. Олай деуге де негіз бар.

Қыстан қарауындағы малын жүдетпей, шығынсыз шығару үшін шаруалар табиғи жайылымдарды барынша тиімді пайдаланып, қолдағы жемшөп қорын да үнемдеу жолдарын қарастыруда.

Ауданда қыс пен көктемгі мал төлдету науқанына жалпы 229 850 тонна шөп, 23600 тонна жоңышқа, 9800 тонна сүрлем, 40300 тонна сабан, 9800 тонна пішендеме және 15100 тонна жүгері жемі дайындалған. Өңірде жалпы 470 мал қыстауы бар. Ауданда әзірленген мал азығының 80 пайызы сол қыстауларға жеткізіліп, жиналған.

- Алдын-ала дайындалған жемшөп қоры мол болғандықтан мал қыстату науқаны өз деңгейінде жайлы өткізілуде, - дейді, аудандық ауыл шаруашылық және жер қатынастары бөлімінің басшысы Жандос Өмірсадық. – Өңірде соңғы жылдары төрт түлік саны еселеп өсті. Бүгінгі таңда аудан бойынша 117 мыңнан астам қой – ешкі, 58 мыңнан астам ірі қара, 22 мыңнан астам жылқы және 518 түйе қыстатылуда.

Аудан көлемінде мал шаруашылығымен айналысатын шаруашылық субъектілері өздеріне тиесілі егістік жерлеріне арпа және көп жылдық шөптер еге отыра құнарлы азықпен қамтып отыр.

Солардың бірі Екіаша ауылдық округіндегі «Қауменов» шаруа қожалығы. Қабырғасы сонау 1995 жылы құрылып, Марқа тауының бөктерінде орналасқан шаруашылықтың есебі түгел.

-Қолдағы бар 150 бас ірі қараның қыстан қысылмай шығуы үшін 3000 тонна шөп, 1000 тюк сабан, 50 тонна жем дайындадық. 500 гектар алқапқа арпа, 80 гектарға эспарцет көпжылдық шөп егіп, 150 гектарға шабындық дайындадық. Бір сөзбен айтқанда қыстан қысылмай шығудың қамын жасап жатырмыз,-дейді

шаруашылық жетекшісі Ролан Мұратұлы.

Қожалық 10 адамды жұмыспен қамтып, қажетті техникамен толық қамтылған, келер жылы Джон Дир астық жинайтын комбайнын алып, пайдалануды жоспарлап отырғанын жеткізді.

Табиғаттың тылсым құбылысына шектеу жоқ. Оқыс мінезді «кәрі құданың» кейде тым ертелетіп, ойламаған жерден келіп қалатыны бар. Сондықтан да қыстың көзі қырауда әуелі бастың, одан кейін малдың амандығын ойлаған жөн. Бұл орайда, биылғы жылы дайындалған шөптің негізгі бөлігі қыстауларға жиналған. Сонымен қатар малшылардың үйлері мен қоралар да жөндеуден өткен.

Мал шаруашылығындағы ең маңызды шақ – мал қыстату науқаны басталды. Науқан кезінде мал шығынының болмауы − келер жылғы мол өнімнің кепілі. Қазіргі таңда төрт түлік малдан ризық-несібесін алып отырған аудан шаруалары қыс қаһарын жеңу үшін ұйымшылдықпен еңбек етуде.

Қорыта айтсақ, саялы Сарқан өңірінде биылғы қыстан барша мал қиындықсыз шығарына мамандар мен малшылар сенімді.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.

Екі қап ұнмен басталған кәсіп

Тамақ өнімдері ішіндегі көшбасшылардың бірі болып нан пісіру саласы саналады. Оның өнімі ең керекті және оған деген сұраныс әрдайым жоғары болып табылады.

Халқымызда «Еңбектің наны тәтті» деген сөз бар. Расында да жұмыс істеймін, отбасымды асыраймын деген жанға нәсіп те, кәсіптің түрі де көп. Тек, ынта болса болғаны. Алмалы ауылының келіні, бірліктік Әсем Қалабаева өз кәсібі арқасында табысқа кенеліп отырған жан.

Наубайхана жетекшісі Әсем Қалабаеваның негізгі мамандығы – сүт өнімдерінің технологы. Негізгі кәсібіне жұмыссыз отырған кезінен кіріскен ол алдымен үйде өзі нан пісіре бастайды. Кейіннен тапсырыс көбейгесін наубайхана ашуды мақсат етеді. Бүгінгі күні нан өнімдерімен Сарқан ауданының ғана емес онымен қоса көршілес Ақсу ауданының тұрғындарын да қамтып отыр.

Ашылғанына үш жыл болған шағын наубайханада 7 адам жұмыс жасайды. Бір көлік жүргізуші және алты наубайханашы. Алты адам кезектесіп нан пісіреді.

-Кәсібімді ең алғаш 2 қап ұнмен бастадым. Бір қап ұннан шамамен 130 бөлке шығады. Сарқан ауданынан бөлек Ақсу ауданының Қаракемер, Қызылту, Қызылтаң, Сағабүйен, Қарашілік ауылдарын да нан өнімдерімен қамтамасыз етіп отырмыз. Нанның тек қана 5 түрін, тоқаш, жұқа нан, хотдог, лакомка сияқты түрлерін дайындаймыз. Наубайхана орналасқан үйді жалға алдық. Нан өнімдерін дайындайтын Нұржамал Даутова, Раушан Қасымбекова, Светлана Кизилова, Татьяна Михайлова, Марлан Марат, Максим Сывович өз ісінің шеберлеріне айналды. Жаздың аптабы мен қыстың қытымыр суығына қарамай ыстық нанды тұтынушыларға жеткізетін Ерденбек Ілиясов есімді жүргізушіміз бар,-дейді Әсем Тынысбекқызы.

Әсем бұл кәсіпке кездейсоқ келген жоқ. Ең алғаш тандыр нан пісіріп сатты. Қырғыздың тандыр нанын пісіріп, Сарқан мен Жансүгірдегі клиенттеріне жеткізіп жүрді. Сол кезде үлкен наубайхана ашуды мақсат тұтқан болатын. Бірде нан тарату-дан қалтасында 16 мың теңге қалыпты. Жалғызбасты ана 16 мыңға үйдегі үш баласына тамақ аламын ба немесе ұн аламын ба деген таңдау үстінде болғанын еске алады. Сол күні 16 мыңға екі қап ұн алып, тәуекел деп кәсібін бастап кетті. Қазір тәулігіне 1,500 бөлке нан пісіреді. Содан ісі ілгері жылжыды. Кәсібінің арқасында үйлі де болды, нан өнімдерін таситын «Тойота Превия» автокөлігін де сатып алды.

Нанның сапасы иленетін ұнға байланысты. Сол себепті ұнды арнайы Өскемен қаласынан алдырады. Тұтынушылардың талғамынан шыға білу мақсатында өнімнің санына емес сапасына баса мән береді. Қасында Нұржамал мен Раушан әпкелері кеңестік кезеңде осы салада еңбек еткен тәжірибелері мол жандар. Өзінің анасы сияқты, ақыл-кеңестерін айтып, білмегенін түсіндіріп отырады.

Наубайхананың арқасында өзімен қоса 7 отбасының нәпақасын айырып отырған Әсем Қалабаеваның бағындырар биігі, алатын асуы алда деп ойлаймыз.

Өз тілшіміз.

За неисполнение либо ненадлежащее исполнений уведомлений об устранении нарушений выявленных камеральным контролем

За 9 месяцев 2023 года камеральным контролем охвачено 12 735 лотов на общую сумму 348,5 млрд.тенге. В результате контроля направлено 2131 уведомлений об устранении нарушений, выявленных по результатам камерального контроля.

За неисполнение либо ненадлежащее исполнений уведомлений об устранении нарушений предусмотрено административная ответственность.

Вместе с тем уполномоченным органом рассмотрена ответственность должностных лиц за неисполнение либо ненадлежащее исполнение уведомлений об устранении нарушений и составлены 58 протоколов об административных правонарушениях, предусмотренных частью 3 статьи 462 Кодекса на общую сумму 1086,8 тыс. тенге.

При этом, согласно ч.2 Примечания ст.207 КР КоАП «Должностное лицо не подлежит привлечению к административной ответственности, предусмотренной настоящей статьей, в случае самостоятельного устранения нарушений, выявленных по результатам камерального контроля, в течение десяти рабочих дней со дня, следующего за днем вручения проверяемому лицу уведомления об устранении нарушений, выявленных по результатам камерального контроля».

В соответствии с пунктом 2 примечания статьи 207 Кодекса Республики Казахстан «Об административных правонарушениях» более 3-х тысяч должностных лиц освобождены от административной ответственности на сумму свыше 489 162,1 тыс.тенге.

Департамент внутреннего государственного аудита по области Жетісу.

Новая наклейка на авто стала обязательной в Казахстане

С 1 января в стране вступила в силу обязанность устанавливать специальные знаки на автомобили, работающие на газе.

«Автомобили, оснащенные газовыми баллонами, должны маркироваться знаком в виде желтого равностороннего треугольника с надписью GAS», — говорится в сообщении.

Отмечается, что наклейку также необходимо разместить на въезде на закрытые парковки, чтобы можно было легко идентифицировать автомобиль с газовым баллоном. В МВД дополнили, что новая мера введена в целях безопасности.

Данный стандарт указан в правилах дорожного движения, утвержденных приказом министра внутренних дел РК Ержана Саденова.

«NewTimes.kz».

Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі басшылығының 2024 жылғы I тоқсанда азаматтарды қабылдау КЕСТЕСІ

Орган атауы	Қабылдау жүргізетін тұлғаның Т.А.Ә.	Қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Орналасқан жері	Байланыс телефоны
Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі	Елдар Жетібекұлы Турсунов	Бөлім бастығы	дүйсенбі сағ. 15.00-17.00 **жұма** сағ. 10.00-12.30	Сарқан қаласы, М. Әуезов көшесі 41	8 /72839/ 2-24-43
Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі	Ержан Ерлатұлы Исағалиев	Бөлімнің бас маманы	**сәрсенбі** сағ. 15.00-18.00 **бейсенбі** сағ. 10.00-12.30	Сарқан қаласы, М. Әуезов көшесі 41	8 /72839/ 2-24-43
Сарқан ауданы №12-Өрт сөндіру бөлімі	Ерік Серікович Наушабаев	№12 - Өрт сөндіру бөлімінің бастығы	**сейсенбі** сағ. 15.00-18.00 **бейсенбі** сағ. 10.00-12.30	Сарқан қаласы, М. Әуезов көшесі 41	8 /72839/ 2-15-65

Сенім телефоны: 8 /72839/ 2-24-43

Барлық қазақстандық азаматтың борышы!

Еліміз егемендігін алып, дамудың даңғыл жолына бет алғанына 30 жылдан асты. Бұл бағыттағы жеткен жетістіктеріміз де аз емес. Алайда, шешімі күрделі мәселелер де жетерлік. Солардың бірі және ең өзектісі – жемқорлық. Қазақстанда осы мәселеге байланысты арнайы қабылданған заңдар мен атқарылып жатқан жұмыстар да жетерлік. Бүгінгі біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оған тосқауыл қоюдың барлық айла – амалдарын қолдану арқылы ғана бұл індетке қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресуді барлық қазақстандық азаматтық борышым деп білуі қажет. Ал, мемлекеттік органдар үшін бұл – міндет!

Елдар ТУРСУНОВ,
Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы,
азаматтық қорғау майоры.
Ерік НАУШАБАЕВ,
Сарқан ауданы № 12 – Өрт сөндіру бөлімінің бастығы,
азаматтық қорғау майоры.

Тұрмыстық газды пайдалану кезінде өрт қауіпсіздік ережелерін сақтаңыздар!

Газ баллондарын және газ құрал-жабдықтарын осы өнімді сатуға сертификаттары бар мамандандырылған ұйымдардан ғана сатып алу керек. Өйткені жұмыс істейтін газ қондырғыларын қауіпсіз пайдалану және оларды тиісті жағдайда ұстау үшін жауапкершілік олардың иелеріне жүктеледі.

Газ ауамен қосылғанда жарылатынын және өртке қауіпті екендігін ұмытпаңыздар! Қосынды тұтануының көздері ашық от, электр құралдарын қосқан және өшірген кезде туындайтын электр ұшқыны болуы мүмкін. Улануды болдырмау үшін газды жақпас бұрын тарту күшін тексеру қажет, газ қондырғыларын қосқаннан кейін және олардың жұмыс істеуі кезінде желдеткіш каналдардың дұрыстығын қадағалау, әрдайым бөлмені әсіресе ұйықтар алдында желдету керек.

Тұрмыста газды пайдаланған кезде:

Газ құбырларына жіп байлауға (осылай істеген жағдайда бұрандалы біріктірулердің тығыздығы бұзылады, газдың шығып кетуі мүмкін);

жанып тұрған плита үстінде киім-кешек және шаш кептіруге; Газ құралдарын, баллондарды, арматураны өз бетімен қайта орнатуға және жөндеуге;

жұмыс істеп тұрған газ құралдарын қараусыз қалдыруға; Газ құралдарын мектепке дейінгі жастағы балалар және оларды қауіпсіз пайдалану ережелерін білмейтін тұлғаларға жол беруге;

Газдың шығып кетуін анықтау үшін ашық отты пайдалануға (ол үшін тек сабынды эмульсия ғана қолданылады);

Қысым реттеуішін нығыздауыш сақинасынсыз немесе төсемсіз орнатуға;

Жұмыс істейтін плита маңында тез жанғыш материалдар мен сұйықтықтарды орналастыруға; Ұйықтау және демалу үшін газ құралдары орналастырылған бөлмелерді пайдалануға;

Бөлмені жылыту үшін газды және газ плиталарын пайдалануға;

Ұшқын туындататын құрал-саймандар көмегімен газ арматурасының бөлшектерін біріктіруге тыйым салынады.

Ринат АХМАРОВ,
Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

ЗАҢСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлердің Сібір жарасы бойынша мал қорымдарына берілген мемлекеттік актілерінің түпнұсқалары жоғалуына байланысты заңсыз деп танылсын.

1. Жер телімі, 03:263:038:729, Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Алмалы ауылдық округі 729 участок. Қаулы (05.05.2013 ж. №162). Қаулы (21.08.2015 ж. №440) Тіркеу күні және уақыты 15.06.2016ж 16:52:47. Жер учаскесінің алаңы:0,0100 га.

2. Жер телімі, 03:263:038:730, Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Алмалы ауылдық округі 730 участок. Қаулы (30.10.2015 ж. №582). Қаулы (05.05.2016 ж. №440) Тіркеу күні және уақыты 20.06.2016ж 16:58:55. Жер учаскесінің алаңы:0,0100 га.

3. Жер телімі, 03:263:038:727, Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Алмалы ауылдық округі 727 участок. Қаулы (21.08.2015 ж. №441). Қаулы (05.05.2016 ж. №151) Тіркеу күні және уақыты 15.06.2016ж 16:42:50. Жер учаскесінің алаңы:0,0100 га.

4. Жер телімі, 03:263:038:728, Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Алмалы ауылдық округі 728 участок. Қаулы (05.05.2016 ж. №161). Қаулы (10.12.2015 ж. №649) Тіркеу күні және уақыты 15.06.2016ж 17:21:57. Жер учаскесінің алаңы:0,0100 га.

5. Жер телімі, 03:263:003:162, Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Амангелді ауылдық округі 162 участок. Қаулы (10.12.2015 ж. №648). Қаулы (05.05.2016 ж. №154) Тіркеу күні және уақыты 15.06.2016ж 17:25:36. Жер учаскесінің алаңы:0,0100 га.

6. Жер телімі, 03:263:003:161, Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Амангелді ауылдық округі, Көкөзек ауылы 161 участок. Қаулы (21.08.2015 ж. №447). Қаулы (05.05.2016 ж. №156) Тіркеу күні және уақыты 15.06.2016ж 17:09:32. Жер учаскесінің алаңы:0,0100 га.

7. Жер телімі, 03:263:016:332, Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Амангелді ауылдық округі, Пограничник ауылы 332 участок. Қаулы (09.09.2015 ж. №503). Қаулы (05.05.2016 ж. №153) Тіркеу күні және уақыты 15.06.2016ж 17:18:12. Жер учаскесінің алаңы:0,0100 га.

8. Жер телімі, 03:263:042:586, Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласы 586 участок. Қаулы (21.08.2015 ж. №445). Қаулы (05.05.2016 ж. №157) Тіркеу күні және уақыты 15.06.2016ж 16:57:28. Жер учаскесінің алаңы:0,0100 га.

9. Жер телімі, 03:263:023:268, Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Черкасск ауылдық округ 268 участок. Қаулы (21.05.2015 ж. №446). Қаулы (05.05.2016 ж. №158) Тіркеу күні және уақыты 15.06.2016ж 17:05:00. Жер учаскесінің алаңы:0,0100 га.

10. Жер телімі, 03:263:042:585, Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласы 585 участок. Қаулы (21.08.2015 ж. №444). Қаулы (05.05.2016 ж. №160) Тіркеу күні және уақыты 15.06.2016ж 17:06:25. Жер учаскесінің алаңы:0,0100 га.

11. Жер телімі, 03:263:029:306, Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Черкасск ауылдық округі, Ақтұма ауылы 306 участок. Қаулы (21.08.2015 ж. №449). Қаулы (05.05.2016 ж. №165) Тіркеу күні және уақыты 15.06.2016ж 17:15:09. Жер учаскесінің алаңы:0,0100 га.

12. Жер телімі, 03:263:053:569, Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Екіаша ауылдық округ 569 участок. Қаулы (21.08.2015 ж. №443). Қаулы (05.05.2016 ж. №163) Тіркеу күні және уақыты 15.06.2016ж 17:02:05. Жер учаскесінің алаңы:0,0100 га.

13. Жер телімі, 03:263:069:157, Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Көктерек ауылдық округі 157 участок. Қаулы (09.09.2015 ж. №504). Қаулы (05.05.2016 ж. №152) Тіркеу күні және уақыты 15.06.2016ж 17:20:40. Жер учаскесінің алаңы:0,0100 га.

14. Жер телімі, 03:263:019:344, Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Қойлық ауылдық округі 344 участок. Қаулы (21.05.2015 ж. №448). Қаулы (05.05.2016 ж. №155) Тіркеу күні және уақыты 15.06.2016ж 17:14:06. Жер учаскесінің алаңы:0,0100 га.

15. Жер телімі, 03:263:013:309, Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Қарабөгет ауылдық округі 309 участок. Қаулы (05.05.2016ж. №159). Қаулы (21.08.2015 ж. №442) Тіркеу күні және уақыты 15.06.2016ж 16:43:06. Жер учаскесінің алаңы:0,0100 га.

●101 ескертеді

Неліктен түтін мұржасы бітеліп қалады?

Күйенің пайда болуы табиғи процесс, бірақ ластану дәрежесіне және оның жылдамдығына әсер ететін бірқатар факторлар бар:

Сапасыз отынды пайдалану. Шикі, ластанған отын күйе мөлшерін арттырады, қылқан жапырақты отыннан шыққан күйе жабысқақ, коррозиялық және шайырлардың болуына байланысты нашар тазаланады; қоқысты жағу (иә, кейбіреулер пеште пластикалық бөтелкелерді және пакеттерді жағып үлгереді); түтін мұржасын төсеу технологиясын бұзу, өту қиын жерлері немесе тек тар құбырлары; төмен температураға төзімді түтін мұржасы жасалған сапасыз материал.

Мұржаның ластанбауы үшін не істеу керек:

Ластанудың алдын алу үшін және мұржаны күту аясында профилактикалық құралдарды қолданған жөн – бұл химиялық құрамдар (өнеркәсіп түрлі құралдар шығарады) және халықтық әдістер (тас тұзы, картоп қабығы, көктерек немесе қайың отыны).

Тазалау кезіндегі техника қауіпсіздігі:

Барлық әдістер міндетті түрде қауіпсіздік ережелерін сақтауды талап етеді!

Механикалық тазалау:

шатырдағы барлық жұмыстар тек сақтанумен жүзеге асырылады;

жаңбыр, қатты жел, мұзды шатыр болған кезде, мұржаны тазаламаңыз – құлап кету қаупі жоғары.

Абылайхан ДҮЙСЕНБАЙ,
Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің инженері,
азаматтық қорғау лейтенанты.

Мұзарт шың тасында өскен Мұзбалақ-жыр

Қайырар қанжар тілмен айтыс басын,
Мен жазбаған құдай жыр қай тұстасың?!
Абайдың сөзіндей ғып ел тыңдаған,
Әруақ сөз қайдасың мен тумаған?!

Свет Оразаев.

1939 жылы 24 желтоқсанда Жетісу облысы, Ақсу ауданына қарасты Ақсу ауылында дүниеге келген Свет Оразаев сол аудандағы Ыбырай Алтынсарин атындағы мектептің түлегі. Қазақтың мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген айтулы ақын соңына "Дала даусы", "Шырқау биік", "Өлеңім - өзім" деген санаулы жинақ қалдырыпты. Бірқатар ұжымдық жинақтарға өлеңдері еніп, таланты ерте танылған ол қатарластарының, қаламдастарының, әдеби ортаның пікірлерімен қанаттанып, Қазақстан Жазушылар одағының көркем әдебиетті насихаттау бюросында қызмет атқарыпты. Өкінішке орай тіршілік иірімдері сан соқпаққа бастаған тағдырлы ақын 1999 жылы Жезқазған облысының Ағадыр ауданында өмірінің ақ парағына нүкте қойыпты.

Ақын Свет Оразаевтың алдымен есімін естігенмін. Поэзияға Сәкен Иманасовтар қатарлы келіп, өзіндік үнімен, өз қолтаңбасымен әдеби қауымды елең еткізгенін көзкөргендер жыр қылып айтатын. Ұжымдық жинақтардан бірер өлеңін оқығаным есімде, оттылығы ұнаған, алған тақырыбын иін қандыра жырлайтын қалам қуатына тәнті болғанмын. Алайда біздің студенттік кезіміз өткен 80-жылдары Свет деген ақынды Алматыдан, әдеби ортадан жолықтыра қоймағанымыз айналамызға аян. Кейіннен ақын ағаның марқұм Құдаш Мұқашевқа арнаған өлеңінің түйінінен өз тағдырын көргендей болдым:

Тірлігінде қол жетпей көктегіге,
Көп болыпты-ау, көп бопты кеткеніне,
Содан да содан бері ақын рухы,
Шығар-ау, бәлкім, бізге өкпелі де...

1985 жылдың 9-мамыры. Бөрлітөбе ауданының орталығы Лепсідегі Мәдениет үйінде Жеңістің 40 жылдығы құрметіне өткен жиынға қатысып, түске таман үйге оралғанмын. Зайыбым мені іздеп бір кісінің келгенін айтты да қонақ бөлмені нұсқады. Ақшыл костюмін орындықтың арқалығына іліп қойып, диванда ақ шашты бейтаныс адам демалып жатыр екен. Түскі ас демде дайын болды да жасаулы дастарханға шақыру үшін қонақты оятым. Орнынан жедел тұрып "Жомарт деген сен екенсің ғой, өзіңді іздеп келдім" деп құшақтады да жөн-жосығын айтты. Жастайымнан атын естіген ақынымның біздің құтханамызға арнайы келгеніне сене алмай жік-жапар болып жатырмыз.

Сол күні ағамыз ағынан ақтарылды. Тағдырдан қаншама таяқ жесе де жасымай, шоқ түкіріп, от бүркіп тұратын жан екен. Соншама жылдар бойы әдебиеттен амалсыз алыстағанын естігенде жаның күйзеледі. Таланттыға тасада тұрып тас ататындардың қырсығынан Алматыдан, туған жері Жетісудың Ақсуынан орын таппай Орал өңірін қоныс қылыпты. Отбасынан ажырапты. Жазықсыз жалалы болып, түрменің де дәмін татыпты. Осынау азапты да талайсыз тағдырына ешкімді кінәламайды, басты кінә өзінен, кісіге сенгіштігінен...

Сол жылы Свет аға бағамдап қарасам бар болғаны 46-да екен. Шашы тегіс бурылданған, еңсесі түсіңкі, бірақ серіліктің сарқынындай киімі таза, үстіне қонымды. Қалтасында ертеректе шыққан жинағы бар екен. Сырт мұқабасы жыртылған көнетоз кітап, сірә, алғашқы "Дала даусы" болар. Парақтап бір-ер өлеңін оқыды, менің жазғаныммен таныстық, әдебиет төңірегінде әңгіме өріс алып, ағалы-інілі ағайынға айналдық.

-Алматыға барамын, Сәкен, Қастектермен жолығысамын, әдебиетке қайта ораламын,-деп еді ол сөз арасында.

Дәукес неме көбейсе жаман-ау шын,
Даумен шығып тұңғышым -
"Дала даусым".
Табалаушым дал болып, даурығысып,
Жұмған аузын ашпады-ау
бағалаушым.

Мен содан да күйініп, тым өкініп,
Жүргенмін көп, емес-ау бұл өтірік.
Бағалаушым бармады-ау батылдыққа,
Боздақ өлең тынысын біле тұрып.

-Ақын әлі толысып,түлемек-деп,
Айта салса қайтеді тілек ептеп?
Одан соңғы жинақ та шыққан еді,
Сұғанақ қолдан өтіп, "мүгедек" боп.

Назардан тысқарылау қалып бұл да,
Іштей аса қынжылып, қамықтым да.
Таусылуға шақ қалдым талмаусырап,
Сіңіп жатқан өзендей барып құмға.

Осылайша "Бақыттан, бақтан қағам" дейтін, жамандауға келгенде жұмыла кететін бақталастарының табасына қалған ақын үшін бұдан өткен қайғы болмайды. Тұла бойды құрыстырып, таланттыларды тобықтан қағуға дайын қызғаныш деген дерт пенде біткенде бар емес пе? Жазғандары газет-журналға да сирек шығып, көңілінің де, тұрмысының да қыры кеткен соң өз жарасын өзі жазу үшін "өлеңсіз де өлмеспін" деп жырдан жырақтағанын араға ондаған жылдар салып қаламымен қайта қауышқанда оқырманға сыр қылып айтады ол.

Жетісу жақтан іңгәлап шыққан
дауысым,
Аман-сау өтіп базарлы шақтан,
тар шақтан.
Жалау ғып ұстап Жансүгіровтің
намысын,
Алай да түлей бұрқасындарға
қарсы аққан.

Сол дауыс бүгін талайдың жанын
жандыртып,
Дүрілдеп өрттей, ықпайды және
ешкімнен,
Нулы да сулы жапан даланы
жаңғыртып,
Армандай өзен Ақжайық жақтан
естілген.

Ақжайық жақтан естілген осы
дауысым,
Өлеңнің кейбір өзегін мүлде өрте де.
Аралай өтіп базарлы бақша-бау ішін,
Жете гөр дәйім Жетісу атты өлкеме,-дейді ақын туған жерге деген сағынышын жасыра алмай.

Алғашқы кездесуден кейін поезға Алматы бағытына қимастықпен шығарып салған ақын ағаның тұлғасы көкейімнен көпке дейін кетпеді. Қайда екен, қай жерге тұрақтады екен деген ой маза бермеді. Көршілес Ақсу ауданына барғанда өлең-сөздің қадірін білетін адамдар ортасынан да сауалыма жауап іздедім.

1995 жылы мамырдың аяғында Алматыға жолым түсті. Көк базардағы газет редакциясы орналасқан еңселі ғимаратқа еніп, лифтіге беттей бергенімде жоғарыдан төмен түскен екі-үш адамның арасынан Свет ағаны жазбай таныдым. Ол кісі де қуанышын жасыра алмай құшақтап, ауыл-аймақ амандығын сұрады да өз жайынан хабардар етті. Жезқазған өңірінен қоныс тауыпты. "Ағадыр таңы" газеті редакциясында қызмет істейді екен. Қоштасарда кейінгі шыққан "Өлеңім - өзім" деген кітабын қолтаңба жазып сыйлады. Өзінде қалған жалғыз данасы болса керек, аппақ қағазбен орап, сыртына "Өзіме" деп жазып қойған екен. Қолтаңбасында "Жомарт інім! Аман-есен болайық!" деген ақ тілегі айшықталғанды. Алайда содан кейін ағамызды аман көруге тағдыр жазбады.

-Тірлігім, әттеген-ай! -десем де мен,
Жүрермін ұзақ әлі көшеңменен.
Келесі ғасырыма жетем бәлкім,
Еркелеп ел-жұртыма нөсерлі өлең,-деген ақынға жаңа ғасырдың биігінен сөйлеу бұйырмады. Тірлішікке іңкәр адам келген әрбір жаңа маусымға қуанса, денсаулығы дімкәс ақын "есіл өмір зу етіп өте шыға ма?" деп мұңаяды.

Болған әбден сұсынан құстар ығыр,
Қайтып кетті қиырға қыс тағы бір.
Кеміп қалды -ау тағы да әлденеше,
Ай-аптаға онсыз да қысқа ғұмыр.

Кербездене көк-жасыл көрпелі бір,
Көктем келіп, көп сырды шертеді бұл.
Енді тағы кемиді-ау онсыз дағы,
Күрмеуге келмейтұғын келте ғұмыр.

Жаз да келер, жасанып, жайнап өңір,
Жан жайлауын түсіріп жайға небір.
Осылайша тағы да қысқарар-ау,
Онсыз да бір-ақ тұтам қайран өмір.

Күз де келер, көңілі көсіле бір,
Ырыс-құтын алдыңа тосып өңір.
Шолтияр-ау осылай онсыз дағы,
Зу етіп өте шығар есіл өмір.

Опа таппай біреуден бет бояған,
Көп қызық күткен мендей көп қой адам.
"Қызығым күткен әлгі шыжық" болмай,
Баянды бақыт болса-ау,-деп те қоям.

Деп қоям: -Болып
жегжат-жұратым сау,
Кеудемнен сұр жебедей жыр атылса!
Шырылдап жүрген кейде
шыбын жаным,
Шиқ етіп, шықпай әлі тұра тұрса!

Деп қоям: Алтындай боп
хас талантым,
Мен үшін қара тасқа ұқсап алтын.
Тірімде қадірімнің ең болмаса,
Небәрі жүзден бірін ұқса халқым!

Манағы "Өлеңім - өзім" кітабынан жігері жасымаған, өмірге ғашық ақынның екінші тынысы сезіледі. Достыққа адалдығы, достарға деген пейілі әрбір өлеңінен менмұндалап көрініп тұрады екен.

Сен өзімді, өзім сені ес қып шын,
Сияқтандық жазғы нұр.
Куәсіндей болсын осы достықтың,
Бізге біткен аз ғұмыр...

Ойхой өмір! Өмір сүру жақсы-ау, ә,
...нақ-адал ақынша!

Өмір, бірақ, сатылмайды ақшаға,

Қадірсіз ғой сатылса,-дейді қаламдас досы Қадірбек Уәлиевке арнаған арнау жырында.

Осы жинақта қаламдасы, талантты ақын Есенбай Дүйсенбаевқа екі өлең арнапты. Сірә, елден жырақ жүргенде көпке дейін Ақтөбеден ажырамаған бозторғай үнді ақынның сөз демеуін жиі сезінсе керек. Біріншісінде:

Дем беріп ақыныңа бойшаңдылау,
Ер көңіл Есенбайым ой салдың-ау.
Сен айтқандай тірлігім не болмақшы,
Тізгіндеп арынымды қойсам мынау?! -деп шалқар шабыт сыйлаған дос пейіліне ризашылығын жасырмайды. Келесі өлеңлебізінде:

Елің жаққа барғам талай сені іздеп,
Дей алмаймын баруыма негіз жоқ,-дейді де шөл боп барып теңіз боп, түн боп барып күн болып, жоқ боп барып бар болып қайтқанын жүрекжарды үнімен жеткізіп, Ақтөбені Алматыға жалғастырған досына тұлпарға тән қарқын тілейді.

Сонау Ағадырда тірлік сапары шектелген Свет ақынды ол кезде көзі тірі Есенбай досы езіліп тұрып жоқтаған екен. Осы қимастыққа толы жүрек сөзімен ақын жайындағы айтарымызды қорытындылаған абзал:

Ер демеу сендей ұлды болар айып,
Еркіндік күн туса деп, сор азайып.
Ақиқат алдаспанын сілтеуші едің,
Қайдасың, ақын Свет Оразаев?!

"Шындықтан жүрмесе де тауып пайда,
Бұл Свет арыстанша шауыпты Айға".
Қарлы қыс Қарауылкелді
қалды-ау алыс,
Қаракөз қарындасың Мауыт қайда?..

Айналып ел аузында ертегіге-ай,
Сапарың сарқылар ма келте бұлай?
Сен едің еркіндікпен егіз сері,
Секілді Сегізсері тентегім-ай!

Асығың түспесе де алшы күліп,
Жырыңды егінші мен малшы біліп.
Алдыңнан қараңғылық үңірейіп,
Артыңда үйір-үйір шаң шұбырып.

Бой бермей асау ырық, арда шабыт,
Жолында жүк қалдырмас
нар да атанып.
Ұлып ап аш қасқырдай айға қарап,
Қан саулап жүрегіңнен қарға тамып.

Жайықтан Жемге тартқан тарлан едің,
Ажалға амал-айлам бар ма менің.
Бір сәуле Сәкен жақтан іздеп келіп,
Сөніпсің Ағадырда, ардагерім.

Құйып ап көкірегіме құздар әнін,
Қайғыдан ішім күйіп, тұз жаладым.
Алатау, өлімтігін көрсетпепті-ау,
Мұзарт шың тасында өскен
Мұзбалағым!

Жомарт ИГІМАН,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

ҚАЗЫНАШЫЛЫҚТЫҢ ОТЫЗ БЕЛЕСІ

2024 жылы Қазынашылық құрылғанына 30 жыл толды. 1994 жылы қаңтар айында Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен Қаржы Министрлігінде Қазынашылық департаменті құрылған болатын. Кейін 1995 жылдың 19 қазанында ҚР Президентінің «ҚР орталық атқару органдарын жетілдіру» мақсатындағы Жарлығына сәйкес Қаржы Министрлігінің қарамағында Қазынашылық болып қайта құрылды.

Сол жылы қазынашылықтың әр ауданда аумақтық өкілдігі ашылуына орай, Сарқан ауданында қазынашылықтың тиісті өкілдігі құрылып, осы қызметке жас маман Калитова Камар тағайындалған. ҚР Президентінің 1997 жылғы 08 ақпандағы «Талдықорған облысының Бөрлітобе ауданын жабу» туралы №3371 Жарлығына сәйкес Бөрлітөбе ауданы бойынша қазынашылықтың өкілі болған Койжанов Жексенбек Мажитұлы Сарқан ауданының өкілдіктің қатарына қосылды. Олардың негізгі міндеттері республикалық бюджеттің кассалық атқарылуына қадағалау функциясын іске асыру болып табылатын.

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 1997 жылғы 30 қазандағы «Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің кейбір мәселелері туралы» №1466 қаулысы бойынша 1998 жылдың басынан аудандарда Бюджеттік банктің бөлімшелері таратылып, аудандық қазынашылық бөлімдері құрылып, өз міндеттерін орындай бастады. Алғашқы кезеңде Сарқан аудандық қазынашылық бөлімінің құрамында 8 адам жұмыс жасады, сектор меңгерушілері Ж.Койжанов пен Г.Тлеуберлина және К.Нурасилова, Г.Орынова, К.Калитова, С.Уростаева, С.Кариева сынды тағы да басқа мамандар қызмет етті.

Осы саланың бастау алған тұсында басшы қызметіне Д.Абдильданов тағайындалды. Тәжірибелі, алғыр азамат экономика және ұйымдастыру тұрғысындағы жұмысты жақсы меңгерген маман ретінде көрініп, соңғы күніне дейін аянбай еңбектенді.

1999 жылдан 2001 жылға дейін Мемлекеттік бақылау Комитетінің функциялары толығымен қазынашылық саласына берілуіне орай, жергілікті жерлерде қазынашылық органдары қосымша қаржылық бақылау жұмыстарын жүргізе бастады. Сол жұмысты біздің қатарымызда С.Тусипов пен С.Алипбаев абыроймен атқарды.

Ел Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі «Қаржы Министрлігінің кейбір мәселелері туралы» №387 қаулысына сәйкес аудандық қазынашылық бөлімдер қазынашылық басқарма болып қайта құрылып, құрамы өзгертіліп, осы қаулыға сәйкес атқаратын қызметтері жүйеленіп арта түсті. Негізгі міндеттері республикалық бюджетті атқару және жергілікті бюджеттердің атқарылуына қызмет көрсету, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы бойынша операцияларды есепке алу, қамтамасыз ету саласында және мемлекеттік мекемелердің қолма-қол ақшаның тиісті бақылау шоттары мен мемлекеттік мекемелердің шоттары бойынша операцияларды өткізу саласында функцияларды жүзеге асыру болып табылды.

Осы салада құрылған күнінен бастап жемісті қызмет атқарып келе жатқан басқарма басшысы Г.Орынова, бас маман - бас қазынашы Г.Тлеуберлина, 20 жылдан астам үлесін қосқан басқарма басшысы Б.Малдыбаева сынды тәжірибелі мамандардың тәлімгерлігімен Р.Жанатбек, С.Исабаева сияқты жас мамандар өз міндеттерін мүлтіксіз атқаруда.

Сарқан аудандық қазынашылық басқармасы өз құзіреті шегінде қаржылық тәртіптің сақталуын бақылай отырып, аудан экономикасының қалыптасуына өз үлесін қосып отыр. Сонымен қатар, басқарма қызметкерлері тікелей міндеттерін атқарумен шектелмей ауданның қоғамдық іс-шараларына әрқашан белсенді ат салысады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитеті қазынашылыққа 30 жыл толуына орай «30 игі іс» акциясын жариялаған болатын. Аталмыш шарапатты шараға Сарқан аудандық қазынашылық басқармасының қызметкерлері өз үлестерін қосу мақсатында бірқатар игі істерді жүзеге асырды. Атап айтқанда «1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні» мерекесінде мүмкіндіктері шектеулі балаларға тәттілер таратты. «Мектепке жол» акциясына қатысып, аз қамтылған отбасылардан шыққан, қолдауға мұқтаж оқушыларға материалдық көмек көрсетілді. «Жасыл ел» акцияларында белсенділік танытып, қаламызға көшет отырғызылды, тағы басқа да игі істерге қолдау білдірді.

Осылайша Сарқан аудандық қазынашылық басқарманың әрбір мемлекеттік қызметкері өз құзіреті шегінде қаржылық тәртіптің сақталуын бақылай отырып, мемлекетіміздің экономикасының қалыптасу, даму жолындағы бастамалар мен жоспарларды жүзеге асыруға бар күш-жігерлерін жұмылдырып, өзіндік үлестерін қосуда деуге негіз бар.

Г.ОРЫНОВА,
Сарқан аудандық қазынашылық басқармасының басшысы.

ТУБЕРКУЛЕЗ ҚАНДАЙ АУРУ?

Туберкулез – адам ағзасына туберкулез таяқшаларының енуінен пайда болатын жұқпалы ауру. Сондай-ақ туберкулезге ми, ми қабықшасы, сүйек, буын, лимфа бездері, бүйрек, жыныс ағзалары, көз, ішек және басқа ағзалар мен мүшелер шалдығады. Туберкулезбен ауырғандардың 75% — 20-40 жас аралығындағы еңбекке жарамды және балалы болатын жастағылар. Бүгінде туберкулезге шалдыққандардың басым көпшілігін аурудан толық айықтыруға болатыны дәлелденген. Егер ауруды анықтау, емдеу жұмыстары дұрыс ұйымдастырылып, үзіліссіз жүргізілсе, бұл ауру толық жазылады. Туберкулез таяқшалары ауа арқылы тарап, оны жұқтырып алған адамдардың өкпесінде өсіп-жетіліп, көбейеді. Алғашқыда өкпе тіні қабынып, ыдырайды да орнында қуыстар пайда болады. Сол қуыстарда сақталған миллиондаған таяқшалар ауру адам сөйлегенде, түшкіргенде ортаға шашырап тарайды. Жабық орындарда туберкулез таяқшасы ауаға көп тарап, басқа адамдардың тыныс ағзасына түседі. Туберкулез кез келген адамға жұғуы мүмкін, әсіресе балалар мен егде жастағылар үшін қауіпті.

Бүгінде туберкулезбен ауырғандардың 50%-ы кешігіп анықталуда. Ал олардың 10%-ы — ауруын өте асқындырып алғандар. Арасында ауруы жазылмайтын түрге өтіп кеткендер де кездеседі. Өкпе тіні – туберкулез таяқшаларының өсіп жетілуіне ең қолайлы орта. Алғашқыда өкпе қабынып, онда туберкулез бұдырлары пайда болып, іріңдейді де ірің қақырық түрінде кеңірдек, қолқа арқылы сыртқа бөлініп шығады.

Туберкулез – баяу дамитын, ұзаққа созылатын ауру. Бірақ оның жылдам басталатын түрі де бар. Туберкулезді дер кезінде анықтап, дұрыс емдесе, ауруды бастапқы кезде тоқтатуға, өкпені және басқа ағзаларды үлкен көлемде қабынып, бүлінуден сақтап қалуға болады.

Туберкулез ауруының негізгі белгілері: — жөтел, әлсіздік, дене қызуының көтерілуі, кеуде тұстың ауыруы, тәбеттің, салмақтың, жұмысқа деген қабілеттің төмендеуі. Бұл белгілердің бәрі үдеп, күшейе түссе, науқас қан түкіруі мүмкін. Жөтел — туберкулезге тән ең алғашқы белгінің бірі. Егер жөтел аптадан аса созылса, міндетті түрде дәрігерге қаралып, туберкулез ауруына тексерілуі керек. Туберкулезді анықтаудың ең тиімді, сенімді тәсілдері — қақырықтан туберкулез таяқшасын микроскоп арқылы анықтау, рентген, яғни, рентгенография, флюрографиялық әдіс, балалар мен жасөспірімдерге туберкулин сынағын, яғни Манту сынағын қою. Туберкулез дер кезінде анықталса, ем нәтижелі болады.

Туберкулез – қауіпті, жұқпалы сырқаттардың бірі. Сондықтан бұл дерт елімізде тегін емделеді.

Туберкулез адамның кез-келген ағзасын зақымдауы мүмкін. Алайда ауру негізінен ауа арқылы таралатындықтан, 85-90 пайыз жағдайда өкпе зақымданады екен. Яғни дерт ауа арқылы таралады. Сондықтан жөтелі екі аптадан астам уақыт бойы тыйылмаған адам дәрігерге қаралуы тиіс. Жөтелген кезде ауызды қолмен, орамалмен немесе майлықпен жапқан дұрыс. Көрінген жерге қақырып-түкіру де аурудың таралуына септігін тигізеді.

Туберкулез ауруына шалдыққан бактерия бөлуші науқастар анықталып, оқшауланады және олар арнайы ем қабылдайды. Сонымен қатар науқаспен қарым-қатынастағы адамдар да тексерілуі керек. Аурудың алдын алудың келесі түрі – әлеуметтік профилактика деп аталады. Ол салауатты өмір салтын ұстану мен тұрғындардың жалпы тұрмысын жақсартудан тұрады.

